КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

18 шілде 2023 жыл № 2713-23-00-2/1303 іс Орал қаласы

Батыс Қазақстан облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Е.Р.Бекенов,
сот отырысының хатшысы С.Максутованың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады,

ТАЛАП ҚОЮШЫ: «Батыс Қазақстан облысының ветеринария басқармасы» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР: «Орынбасаров Сырым Ермекұлы» жеке кәсіпкер

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану
2. тұрақсыздық айыбын өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
прокурорД. Нұрсұлтанова
талап қоюшының өкілі Г.А. Маканова

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

«Батыс Қазақстан облысының ветеринария басқармасы» мемлекеттік мекемесі (тапсырыс беруші) мен «Орынбасаров Сырым Ермекұлы» жеке кәсіпкер (өнім беруші) арасында 2023 жылғы 25 сәуірінде №135 жалпы құны 185 теңге ESET антивирустық бағдарламасын пайдалану құқығына берілген лицензиялық жарамдылығын созу бойынша қызмет көрсету туралы мемлекеттік сатып алу шарт жасалған.

Өнім беруші, шарт заңды күшіне енген күннен бастап тауарларды 16 күнтізбелік күн көзделген мерзімде, атап айтқанда 2023 жылының 11 мамырына дейін толық орындамаған.

2023 жылының 26 мамырында шартты бір жақты бұзу туралы хабарлама жіберілген.

Тараптар арасында мемлекеттік сатып алу туралы шартта көзделген өз міндеттемелерін жауапкер толық орындамағандықтан талап қоюшы соттан

Құжатқа қол қойылған: Бекенов Е. Р., 25.07.2023
Заңды күшіне енген күні: 28.08.2023, судья Бекенов Е. Р., 29.08.2023

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды және тұрақсыздық айыппұлын өндіруді сұрады.

Жауапкерден жазбаша қарсы пікір түскен жоқ.

Сотта талап қоюшының өкілі талап қою арызды қолдап, онда көрсетілген негіздермен талапты қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер сот отырысына келген жоқ, белгілі мекен-жайы бойынша хабарлама жолданған.

Сондықтан, сот, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (одан әрі – АПК) 196-бабының 4-бөлігіне сәйкес, істі тараптардың қатысуынсыз қарауға негіз бар деп есептейді.

Прокурор қорытысында талап арызды толығымен қанағаттандыру сұрады.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

№1 талап бойынша

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (әрі қарай - АК) 272, 273-баптарына сәйкес міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс. Міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын өзгертуге жол берілмейді.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу» туралы Заңының 12-бабының 4-тармағы 3-тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алулар туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3)-тармақшасында көрсетілген жағдайда, жиынтығында мынандай: 1) өнім берушінің тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеуі; 2) шарттық міндеттемелерді толық орындау; 3) тапсырыс берушіге келтірілген залалдың болмауы шарттары қанағаттандырылатын жағдайларды қоспағанда, тапсырыс беруші өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы өзіне белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, мұндай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қойып сотқа жүгінуге міндетті.

Сотта анықталған жағдайларға қарағанда жауапкер шарттың талаптарын толық орындамаған. Озіне алған міндеттемені орындамағанына дәлелді себепті жолдаған жоқ.

Істің осы жағдайында талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы негізді болып табылады.

№2 талап бойынша

Құжатқа қол қойылған: Беканов Е. Р., 25.07.2023
Заңды күшіне енген күні: 28.08.2023, судья Беканов Е. Р., 29.08.2023
2713-23-3-1/1399

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

АК-нің 293-бабына сәйкес, тұрақсыздық (айыппұл) заңнамамен немесе келісім-шартпен анықталған, борышкер міндеттемелерді орындамағанда немесе тиісінше орындамағанда, сонымен бірге мерзімінен кешіктіргенде несие берушіге төлеуге міндетті ақшалай сома болып табылады.

Шарттың 7.3-тармағына сәйкес «Жұмыстарды орындау мерзімін өткізіп алған жағдайда Тапсырыс беруші Орындаушы міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда Орындаушыдан мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы) ұстап қалады (өндіріп алады) немесе міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда орындалмаған міндеттемелер сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы) ұстап қалады (өндіріп алады).

Сол себепті, талап қоюшы 20 күнге 3700 теңге тұрақсыздықты есептеп, жауапкерден өндіруді сұрады.

Сот талап қоюшының есебімен келісіп, жауапкерден шарттағы міндеттемелерін орындамағаны үшін тұрақсыздық айыппұлын өндіру қажет деп есептейді.

Жоғарыда көрсетілген мән-жайлар негізінде, талап қоюшының талап арызы толық қанағаттандыруға жатады.

АПК-нің 117-бабының негізінде жауапкерден мемлекет пайдасына мемлекеттік баж салығы өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ :

«Батыс Қазақстан облысының ветеринария басқармасы» мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Орынбасаров Сырым Ермекұлы» жеке кәсіпкеріне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап арызы толығымен қанағаттандырылсын.

«Орынбасаров Сырым Ермекұлы» жеке кәсіпкері (ЖСН 921102301285) мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Орынбасаров Сырым Ермекұлы» жеке кәсіпкерінен (ЖСН 921102301285) мемлекет пайдасына 3 700 (үш мың жеті жүз) теңге тұрақсыздық айыбы және 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж алымы өндірілсін.

Сот шешіміне апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты осы сот шешімі түпкілікті нысанда дайындалған күннен бастап, ал сот отырысына қатыспаған тұлғалар, оларға сот шешімінің көшірмесі жолданған күннен бастап бір айдың ішінде БҚО мамандандырылған ауданаралық

Құжатқа қол қойылған: Беженов Е. Р., 25.07.2023

Заңды күшіне енген күні: 28.08.2023, судья Беженов Е. Р., 29.08.2023

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

экономикалық соты арқылы Батыс Қазақстан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына берілуі мүмкін.

Судья **Бекенов Е.Р.**

Құжатқа қол қойылған: Бекенов Е. Р., 25.07.2023

Заңды күшіне енген күні: 28.08.2023, судья Бекенов Е. Р., 29.08.2023

«Төрелік» ақпараттық жүйесі - Сот өндірісі - Судопроизводство - Информационная система «Төрелік»

2713-23-3-1/1399